ЖК Нуранова Л.К

Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Біләл Қалиев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі № 15558872-1 конкурсы («1–4 сынып оқушыларын, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды және жазғы күндізгі мектеп жанындағы лагерьлерге қатысқан оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету») бойынша Сіздің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 272144 шағымдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

ЖК «Кырымкулова» бойынша

Өтінім құрамында ***диетолог маман — Аралова Актолкын Найзабековна*** көрсетілген. Өнім беруші медициналық білімі бар дипломды және «емдік тамақтандыру негіздері» циклы бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлікті ұсынған. Аталған құжаттар № 598 бұйрықпен бекітілген «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының» 7-қосымшасының талаптарына толықтай сәйкес келеді.

Ал маман сертификатына қатысты: Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI Кодексінің 27-бабына сәйкес, тек медициналық ұйымдардың қызметкерлері ғана әр 5 жыл сайын кәсіби біліктілікті растаудан өтуге міндетті.

Осыған байланысты диетолог Аралова А.Н. бойынша ұсынылған құжаттар талаптарға сай болып табылады және баллды беру заңды әрі негізді болып табылады.

Сонымен қатар, Сіздің уәжіңізге сәйкес, бұл маман басқа ұйыммен еңбек қатынасында тұрғандықтан, конкурсқа қатыса алмайды деп есептейсіз. Хабарлаймыз: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің

— 1-бабы 1-тармағы 56) тармақшасына,
— 32-бабы 4-тармағына,
— 68-бабы 3-тармағына,
— 71-бабы 4-тармағына,
— 92-бабы 5-тармағына сәйкес,

жұмысшы бірнеше жұмыс берушімен бір мезгілде еңбек қатынастарында болуға құқылы, егер заң талаптары және еңбек шартының шарттары сақталған жағдайда. Осылайша, маманның басқа жұмыс берушімен еңбек қатынасында болуы бұзушылық болып табылмайды және ЖК «Кырымкулова» көрсетілген маманды келісімшарт бойынша міндеттерді орындауға тарту құқығын шектемейді.

Технолог Танатарова Жанар Шаныткалиевна бойынша Өнім беруші № 598 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрықты және соған сай еңбек шартын ұсынған. Еңбек шарты 5 қаңтар 2023 жылдан бастап 3 жыл мерзімге жасалған, еңбек шарты бүгінгі күнге дейін заңды күшінде.

Ұсынылған құжаттардың барлығы белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді, сондықтан біліктілік бойынша балл беру заңды және негізді болып табылады.

Сонымен қатар, Сіздің уәжіңізге сәйкес, бұл маман басқа ұйыммен еңбек қатынасында тұрғандықтан, конкурсқа қатыса алмайды деп есептейсіз. Хабарлаймыз: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің

— 1-бабы 1-тармағы 56) тармақшасына,
— 32-бабы 4-тармағына,
— 68-бабы 3-тармағына,
— 71-бабы 4-тармағына,
— 92-бабы 5-тармағына сәйкес,

жұмысшы бірнеше жұмыс берушімен бір мезгілде еңбек қатынастарында болуға құқылы, егер заң талаптары және еңбек шартының шарттары сақталған жағдайда. Осылайша, маманның басқа жұмыс берушімен еңбек қатынасында болуы бұзушылық болып табылмайды

№ 598 бұйрықпен «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына» сай Өнім беруші 43 тармақ 4 тармақшасына сай 351-дан 650-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 3 ас үй жұмысшысын ұсынуы керек. Алайда бағалау өлшемшарттарына сай Өнім берушілер жоғары балл алу үшін қосымша қызметкерлер ұсынуға құқылы, оған шектеу қойылмайды.

Жоғарыда келтірілген негіздерге сәйкес, «ЖК Нуранова Л.К» шағымы негізсіз деп танылып, қанағаттандырылуға жатпайды. Осы жауаппен келіспеген жағдайда, сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Мектеп директоры Н.Бортанов